

"Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы N 66/23 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 ақпанда N 2181 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2014 жылғы 3 сәуірдегі № 15/04 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 03.04.2014 № 15 /04 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңына, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29 бабына және "Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы N 1116 Қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған "Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ж.О. Жылбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Ә. Құсайынов

Қ а з а қ с т а н
К ө л і к ж әне
Р е с п у б л и қ а с ы
к о м м у н и қ а ц и я
м и н и с т р і

А. Жұмағалиев
Қарағанды облысы әкімдігінің
2012 жылғы 28 желтоқсандағы
N 66/23 қаулысымен
бекітілді

"Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ережелер

1. "Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - электрондық мемлекеттік қызмет) мемлекеттік мекеме – "Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - қызмет беруші) баламасыз негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – Орталық) және мемлекеттік қызметті тұтынушыда электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда "электронды үкіметтің" www.e.gov.kz веб-порталы арқылы көрсетеді.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2315 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы N 1278 қаулысымен бекітілген "Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған (медиа – алшақтықты қамтиды).

4. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) - жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН) - бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

3) транзакциялық қызмет - электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

4) "электрондық үкіметтің" веб -порталы (бұдан әрі - ЭҮП) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа

және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

5) "электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) – электрондық қызметті іске асыру шеңберінде "электрондық үкімет" ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе;

6) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнның тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы;

7) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

8) электрондық мемлекеттік қызмет - ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

9) ақпараттық жүйе (бұдан әрі - АЖ) - аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беруге арналған жүйе;

10) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) – ақпараттарды автоматты жинауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында жеке сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін құру және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе;

11) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры (бұдан әрі – ЗТ МДҚ) – ақпараттарды автоматты жинауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін құруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе;

12) пайдаланушы (тұтынушы) – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

13) "электрондық үкімет" өңірлік шлюзы (бұдан әрі - ЭҮӨШ) – электронды қызметті жүзеге асыру шеңберінде "электронды үкімет" ақпараттық жүйесін интеграциялауға арналған "электронды үкімет" шлюзының қосалқы жүйесі;

14) құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) мемлекеттік органдардың, мекемелер немесе басқа да ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізімі және қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ақпараттық жүйе

;

15) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ХҚО АЖ) – Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтары, сондай-ақ тиісті министрліктер және ведомстволар арқылы халыққа (заңды және жеке тұлғаға) қызмет көрсету үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

16) БНАЖ – Бірыңғай нотариалды ақпараттық жүйе.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. ЭҮП арқылы ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі қызмет берушінің қадамдық іс-қимылдары мен шешімдері осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген:

1) тұтынушы ЖСН/БСН және парольдің көмегімен ЭҮП-қа тіркелуді іске асырады (ЭҮП-да тіркелмеген тұтынушылар үшін іске асырылады);

2) 1-үдеріс – қызмет алу үшін тұтынушының ЭҮП-қа ЖСН/БСН және парольді енгізуі (авторландыру үдерісі);

3) 1-шарт - ЖСН/БСН және пароль арқылы ЭҮП-да тіркелген тұтынушы туралы деректердің дәйектілігін тексеру;

4) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты ЭҮП-дың авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) 3-үдеріс – осы Регламентте көрсетілген қызметті тұтынушының таңдауы, қызмет көрсету үшін сұраным нысаны экранға шығарылады және тұтынушы нысанды оның құрылымдық және пішіндік талаптарын ескере отырып толтырады (мәлімет енгізеді), сұраным нысанына Стандарттың 11-тармағында көрсетілген электронды түрдегі қажетті құжаттардың көшірмелерін тіркеп қою, сондай-ақ сұранымды куәландыру (қол қою) үшін тұтынушының ЭЦҚ тіркеу к у ә л і г і н т а ң д а п а л у ы ;

6) 2-шарт - ЭҮП-да ЭЦҚ тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімін және тіркеу куәліктері кері қайтарылғандар (жойылғандар) тізімінде жоқтығын, сондай-ақ, сәйкестендіру деректерінің (сұранымда көрсетілген ЖСН/БСН және тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкестігін тексеру;

7) 4-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұраған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 5-үдеріс – қызмет көрсету үшін тұтынушының ЭЦҚ арқылы сұранымды куәландыру және электронды құжатты (сұранымды) қызмет беруші өңдеу үшін ЭҮШ/ЭҮӨШ арқылы ЭҮӨШ АРМ-ға жіберу;

9) 6-үдеріс – электронды құжатты ЭҮӨШ АРМ-ға тіркеу;
10) 3-шарт - қызмет берушінің тұтынушы қоса тіркеген Стандартта көрсетілген құжаттардың сәйкестігін және қызмет көрсетуге негіздеме болатынын тексеруі (өңдеуі);

11) 7-үдеріс – тұтынушының құжаттарында бұзушылықтар болуына байланысты сұратқан қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-үдеріс – тұтынушының ЭҮП-пен қалыптастырылған қызмет қорытындысын (электронды құжат нысанындағы анықтама) алуы. Электронды құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолдану арқылы құрылады.

7. Орталықтың АЖ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы қызмет берушінің қадамдық іс-қимылдары мен шешімдері осы Регламенттің 3-қосымшасында берілген:

1) 1-үдеріс – Орталық операторының қызмет көрсету үшін ХҚО АЖ АЖО-ге логин мен парольді енгізуі (авторландыру үдерісі);

2) 2-үдеріс – Орталық операторының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдап алуы, қызмет көрсету үшін экранға сұрату нысанын шығаруы және Орталық операторының тұтынушының мәліметтерін, сондай-ақ тұтынушының сенімхат бойынша өкілінің мәліметтерін енгізуі (нотариалды куәландырылған сенімхат болған кезде, сенімхат басқаша куәландырылған жағдайда ол сенімхат т о л т ы р ы л м а й д ы) ;

3) 3-үдеріс – ЭҮШ арқылы тұтынушы мәліметтері туралы сұранымды ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-ға, сондай-ақ БНАЖ-ға – тұтынушы өкілінің сенімхаты мәліметтері туралы жіберу;

4) 1-шарт - ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да тұтынушы мәліметтерінің, БНАЖ-да сенімхат мәліметтерінің бар болуын тексеру;

5) 4-үдеріс – тұтынушы мәліметтерінің ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ-да, сенімхат мәліметтерінің БНАЖ-да болмауына байланысты мәліметтерді алудың мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – Орталық операторының сұраным нысанының қағаз нұсқасындағы құжаттардың бар болуы туралы белгілеу бөлігін толтыруы және тұтынушы берген құжаттарды сканерлеп, оларды сұраным нысанына қыстыру және қызмет көрсетуге сұранымның толтырылған нысанын (енгізілген мәліметтерді) ЭЦҚ арқылы куәландыру;

7) 6-үдеріс – Орталық операторының ЭЦҚ-мен расталған (қолы қойылған) электрондық құжатты (тұтынушының сұранымын) ЭҮАШ/ЭҮШ арқылы ЭҮӨШ А Ж О - г е жіберу;

8) 7-үдеріс – электронды құжатты ЭҮӨШ АЖО-ге тіркеу;

9) 2-шарт – қызмет берушінің тұтынушы қоса тіркеген Стандартта көрсетілген құжаттардың сәйкестігін және қызмет көрсетуге негіздеме

болатынын тексеруі (өңдеуі);

10) 8-үдеріс – тұтынушының құжаттарында бұзушылықтар болуына байланысты сұратқан қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) тұтынушының Орталық операторы арқылы қызмет қорытындысын (а н ы қ т а м а) а л у ы .

8. Осы Регламенттің 4-қосымшасында тұтынушыға көрсетілетін электронды мемлекеттік қызметке өтініштің экрандық нұсқасы берілген. Электронды мемлекеттік қызметті ЭҮП арқылы алған жағдайда электронды мемлекеттік қызметке сұранымның экрандық нұсқасы www.egov.kz "электронды үкімет" веб-порталында берілген.

9. Тұтынушының электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұранымның орындалу мәртебесін тексеру тәсілі: "электрондық үкімет" порталының "Қызметті алу тарихы" бөлімінде, сондай-ақ қызмет берушіге жүгіну кезінде.

10. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде қажетті ақпаратты және консультацияны колл-орталықтың 1414 телефоны бойынша алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

11. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық–функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ):

- 1) қызмет беруші;
- 2) Орталық операторы;
- 3) ЭҮП;
- 4) ЭҮШ;
- 5) ЭҮӨШ;
- 6) ЭҮӨШ АЖО;
- 7) ХҚО АЖ;
- 8) ЖТ МДҚ / ЗТ МДҚ;
- 9) БНАЖ.

12. Іс-қимыл (рәсімдер, функциялар, операциялар) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы әр іс-қимылдың орындалу мерзімі көрсетіле отырып, осы регламенттің 1-қосымшасында берілген.

13. Іс-қимылдың (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) қисынды дәйектілігі мен оның сипаттамасы арасындағы сәйкестікті көрсететін өзара байланыс диаграммасы осы Регламенттің 2, 3-қосымшаларында келтірілген ;

14. Регламенттің 5-қосымшасында экрандық нұсқалары келтірілген, соларға сәйкес электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі берілуі тиіс, 6-

қосымшада – форматтық-логикалық бақылау ережесі.

15. Электронды мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін тұтынушылар осы регламенттің 7-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е й д і .

16. Тұтынушыларға қызмет көрсету үрдісіне қойылатын талаптар:

1) құпиялылық (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттарды алудан қ о р ғ а у) ;

2) тұтастық (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттардың өзгеруінен қ о р ғ а у) ;

3) қолжетімділік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттар мен қорларды ұ с т а у д а н қ о р ғ а у) .

17. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге техникалық шарттары:

1) ғ а л а м т о р ғ а ш ы ғ у ;

2) қызмет көрсетілетін тұлғада ЖСН/БСН бар болуы;

3) ЭҮП - те а в т о р л а н у ;

4) тұтынушының ЭЦҚ бар болуы.

"Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне 1-қосымша

Әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, іс-қимылдың (рәсімдер, функциялар, операциялар) жалғаспалығын мәтіндік кестелік сипаттау

1-Кесте. ЭҮП арқылы іс-қимылды сипаттау

1	Іс-қимылдың (барысы, жұмыс ағыны) N	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	Тұтынушы	ЭҮП	Тұтынушы	ЭҮП
3	Іс-қимылдың (үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	ЖСН және пароль бойынша ЭҮП-да авторланады	тұтынушы мәліметтерінің бұрмаланғандығына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	қызметті таңдайды және ЭЦҚ тұтынушыны таңдаумен сұранымның мәліметтерін қалыптастырады;	ЭЦҚ тұтынуш мәліметтерінің бұрмаланғандығын байланысты бас т туралы хабарлам қалыптастырады
	Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат	Сұранымды сәтті қалыптастырғаны туралы	Сұраған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы		Сұраған электрон мемлекеттік қызме

4	шешімдердің мәліметтері)	хабарландыруды бейнелеу	хабарламаны қалыптастыру	Сұранымды бағыттау	бас тарту тура хабарламаны
5	Орындалу мерзімі	30 сек – 1 минут	30 секунд	1,5 мин	1,5 мин
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	2 - тұтынушы мәліметтерінде бұрмалаушылық болған жағдайда; 3 – егер авторлау сәтті өткен жағдайда	–	4 - тұтынушы мәліметтерінде бұрмалаушылық болған жағдайда; 5 – бұрмалаушылық болмаған жағдайда	–

кестенің жалғасы

1	Іс-қимылдың (барысы, жұмыс ағыны) N	5	6	7	8
2	ҚФБ атауы	Тұтынушы	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО
3	Іс-қимылдың үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	(Тұтынушының ЭЦҚ арқылы сұранымды растау (қол қою) және ЭҮӨШ АЖО-ге жіберу	Құжатты тіркеу	тұтынушы мәліметтерінің бұрмаланғандығына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;	Тұтынушының қызмет нәтижесі алуы
4	Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)	Сұранымды бағыттау	Өтінішке нөмір беріп отырып сұранымды тіркеу	Дәлелденген бас тартуды қалыптастыру	Шығыс құжат бейнелеу
5	Орындалу мерзімі	30 сек – 1 минут	1 минут	30 секунд	10 жұмыс күні
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	-	7 - тұтынушы мәліметтерінде бұрмалаушылық болған жағдайда; 8 – бұрмалаушылық болмаған жағдайда	-	–

2-Кесте. ХҚО арқылы іс-қимылды сипаттау

1	Іс-қимылдың (барысы, жұмыс ағыны) N	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	ХҚО АЖ АЖО	Орталық операторы	Орталық операторы	ЖТ МДҚ/ЗТ М, БНАЖ
3	Іс-қимылдың үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Орталық операторы логин және пароль бойынша авторлайды	Қызметті таңдайды және сұранымның мәліметтерін қалыптастырады	Сұранымды ЖТ МДҚ/ЗТ МДҚ, БНАЖ-ге жіберу	Тұтынушы мәліметтерінің болмауына байланысты мәліметтерді алу мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастырады


4	Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)	Өтінішке нөмір бере отырып жүйеде сұранымды тіркеу	Сұранымды сәтті қалыптастырғаны туралы ескертуді бейнелеу	Сұранымды бағыттау	Дәлелденген б тартуды қалыптас
5	Орындалу мерзімі	30 сек – 1 мин	30 сек	1,5 мин	1,5 мин
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	2	3	4 - тұтынушы мәліметтерінде бұрмалаушылық болған жағдайда; 5 – бұрмалаушылық болмаған жағдайда	-

кестенің жалғасы

1	5	6	7	8	9
2	Орталық операторы	Орталық операторы	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО	ЭҮӨШ АЖО
3	Сұраным нысанына қажетті құжаттарды тіркей отырып сұранымды толтыру және ЭЦҚ растау	ЭЦҚ-мен расталған (қол қойылған) құжатты ЭҮӨШ АЖО-ге жіберу	Құжатты тіркеу	Тұтынушы құжаттарында бұзушылықтар болуына байланысты сұралған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Тұтынушының қы нәтижесін алуы
4	Сұранымды сәтті қалыптастырғаны туралы ескертуді бейнелеу	Сұранымды бағыттау	Өтінішке нөмір бере отырып сұранымды тіркеу	Дәлелденген бас тартуды қалыптастыру	Қ ы з м е т нәтижесін-анықта қалыптастыру
5	30 сек – 1 мин	1 минут	1 минут	30 сек – 1 минут	10 жұмыс күн
6	-	-	8 - егер бұзушылықтар болса 9 - егер бұзушылықтар болмаса	-	-


"Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне 2-қосымша

ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылының N 1 диаграммасы



"Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне 3-қосымша

Орталық АЖ арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық іс-қимылының N 2 диаграммасы



Шартты белгілер:

	Бастапқы хабарлама
	Аяқтаушы хабарлама
	Аяқтаушы қарапайым оқиға
	Қате
	Ақпараттық жүйе
	Үдеріс
	Шарт
	Хабарламалар ағыны
	Басқару ағыны
	Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат

"Қарағанды облысы аумағында
таратылатын шетелдік мерзімді
баспасөз басылымдарын есепке алу"
электрондық мемлекеттік
қызмет Регламентіне
4-қосымша

**Электрондық мемлекеттік қызметке
өтініштің экрандық нысаны**



Құжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного
правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер

Жіберілген күні
Дата подачи

(өтініш тіркелетін органның

атауы және мекенжайы)

**Қарағанды облысы аумағында таратылатын
шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы
өтініш**

Сізден Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді
баспасөз басылымдарын есепке алуды сұраймын.
Т а р а т у ш ы н ы ң д е р е к т е р і :

(ұйымдастыру-құқықтық түрін көрсетумен жеке кәсіпкердің/заңды тұлғаның
а т а у ы)

(ЖИН/БИН/СТН, тіркелген құжатының нөмірі және берілген күні)


(тіркелген орны, нақты мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық
поштасы)

P/c N	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдары атауының тізбесі	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының таралу аумағы	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының тілі (тілдері)	Негізгі тақырыптық бағыттығы	Мерзімділігі	Таратылаты даналарының болжамды с
1.						
2.						

Қосымша: 1. _____

Бірінші басшы/жеке кәсіпкер _____

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасылмадағы құжатқа тең. Данный документ согласно пункту 1 статья 7 N 370 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Штрих-код "Электрондық әкімдік" ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерін қамтиды Отдел занятости и социальных программ (АКСУ.Қ) Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой "Электронный акимат" и подписанные электронно-цифровой подписью Отдел занятости и социальных программ (Г.АКСУ)

"Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне 5-қосымша

Ш ы ғ ы с қ ұ ж а т т ы ң

н ы с а н ы



Құжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного
правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер

Жіберілген күні
Дата подачи

(таратушыға анықтама берілген жергілікті атқарушы органның атауы)

Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама

N

(тіркеу нөмірі)

Осы анықтама Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңына сәйкес

берілген

(таратушының атауы және оның ұйымдастыру-құқықтық нысаны)


және шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын 20 __ ж. " __ " _____
бастап есепке алынғанын растайды.

P/c N	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдары атауының тізбесі	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының таралу аумағы	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының тілі (тілдері)	Негізгі тақырыптық бағыты	Мерзімділігі	Таратылатын даналарының болжамды саны
1.						
2.						

Осы анықтама 20 __ ж. " __ " _____ дейін жарамды.

Ішкі саясат басқармасының бастығы ТАӘ

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасылмадағы құжатқа тең. Данный документ согласно пункту 1 статья 7 N 370 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Штрих-код "Электрондық әкімдік" ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерін қамтиды Отдел занятости и социальных программ (АКСУ.Қ) Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой "Электронный акимат" и подписанные электронно-цифровой подписью Отдел занятости и социальных программ (Г.АКСУ)

Шығыс құжаттың (бас тарту) нысаны



Құжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного
правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер

Жіберілген күні
Дата подачи

**Қарағанды облысы аумағында таратылатын
шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алудан
БАС ТАРТУ**

1) ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 843 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидаларының 6-тармағында қарастырылған барлық қажетті құжаттар ұсынылмаған;

2) өтініште құжаттардағы ақпарат толық емес немесе сенімді емес көрсетілген;

3) шетелдік мерзімді баспасөз материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, тектік-топтық, діни, нәсілдік, ұлттық және рулық басымдыққа, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа және порнографияға табынушылыққа үгіттеу немесе насихаттаудың болуы;

4) тұтынушыға қатысты қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімінің болуы;

5) шетелдік мерзімді баспасөз материалдар өніміне қатысты олардың Қазақстан Республикасының аумағында таралуына тыйым салу туралы сот шешімі бар.

Осыған байланысты шетелдік мерзімді баспасөз материалдарын

P/c N	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдары атауының тізбесі	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының таралу аумағы	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының тілі (тілдері)	Негізгі тақырыптық бағыттығы	Мерзімділігі	Таратылатын даналарының болжамды саны
1.						
2.						

есепке алу мүмкін емес.

Ішкі саясат басқармасының бастығы

ТАӘ

МО 20 __ ж. " __ " _____

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасылмадағы құжатқа тең. Данный документ согласно пункту 1 статья 7 N 370 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Штрих-код "Электрондық әкімдік" ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерін қамтиды
 Отдел занятости и социальных программ (АКСУ.Қ)
 Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой "Электронный акимат" и подписанные электронно-цифровой подписью
 Отдел занятости и социальных программ (Г.АКСУ)

"Қарағанды облысы аумағында
 таратылатын шетелдік мерзімді
 баспасөз басылымдарын есепке алу"
 электрондық мемлекеттік
 қызмет Регламентіне
 6-қосымша

Шығыс нысандарын форматтық-логикалық бақылау және электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге хабарлама беру ережесі

Өтініш беруші: жеке тұлға (жеке кәсіпкер), заңды тұлға:

N	Өтініш нысанындағы жол	Міндетті/міндетті емес	форматтық-логикалық бақылау мөлшері	Формат
1.	Жеке кәсіпкердің/заңды тұлғаның – таратушының атауы	Міндетті	жоқ	Символдық
2.	Ұйымдастыру-құқықтық нысаны	Міндетті	жоқ	Символдық
3.	ЖСН/БСН	Міндетті	13	Сандық
4.	Таратушының тіркелген орны	Міндетті	жоқ	Символдық
5.	Таратушының нақты мекенжайы	Міндетті	жоқ	Символдық
6.	Таратушының телефоны	Міндетті	15	Сандық
7.	Электронды пошта	Міндетті емес	жоқ	Символдық
8.	Басшының/жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.	Міндетті	жоқ	Символдық
9.	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдары атауларының тізімі	Міндетті	жоқ	Символдық
10.	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының таралу аумағы	Міндетті	жоқ	Символдық
11.	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының тілі (тілдері)	Міндетті	жоқ	Символдық

12.	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдары негізгі тақырыптық бағыты	Міндетті	жоқ	Символдық
13.	Шығу жиілігі	Міндетті	жоқ	Символдық
14.	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының таратылатын даналарының болжамды саны	Міндетті	6	Сандық
15.	Күні	Міндетті	8	Сандық

"Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет Регламентіне 7-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметтерінің "сапа" және "қолжетімділік" көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.